

АЛТЫН АСТЫҚ

20 ақпан- февраль 2023 год

eginredaksiya.kz

№ 7 (443)

Спецохрана, тревожные кнопки и турникеты: как дополнительно обезопасят школы

Заместитель Премьер-Министра Алтай Кульгинов провел совещание по вопросам обеспечения безопасности в организациях образования, в котором также приняли участие заместители министров и акимов областей и городов Астаны, Алматы и Шымкента.

Первый вице-министр просвещения Шолпан Карина доложила о текущей ситуации по обеспечению безопасности в организациях образования, о принятии в 2022 году Инструкции по организации защиты объектов, уязвимых в террористическом отношении в сфере образования, об утверждении перечня предметов и веществ, запрещенных к вносу в организации образования. Так, к примеру, несоответствие систем видеонаблюдения зафиксировано в Алматинской, Костанайской, Туркестанской областях, областях Ұлытау, Жетісу, Абай.

В крупных городах Северо-Казахстанской, Костанайской, Туркестанской областей не заключены договоры со специализированной охраной. Все учебные заведения проверяют на предмет обеспеченности комплексной системой безопасности. Также Министерством просвещения разрабатывается проект Комплексного плана по защите детей от насилия, превенции суицидов и обеспечения прав детей, в том числе по организации системы безопасности. В нем задействовано порядка 20 государственных органов. Основной проблемой является недостаточное финансирование акиматами на приобретение услуг в сфере безопасности. Заместитель министра внутренних дел Игорь Лепеха сообщил о работе органов внутренних дел по обеспечению безопасности в организациях образования и о мерах по усилению требований к охранной деятельности и ответственности должностных лиц.

По инциденту, который произошел в СШ №4 г. Петропавловска, И. Лепеха отметил, что в ходе проверки выявлено отсутствие на объекте турникетов и специализированной охраны.

«Установлено, что договоры о подключении систем видеонаблюдения к центрам оперативного управления для 15 школ, в том числе и СШ №4 истекли 31 декабря прошлого года. Несмотря на выделенные средства, школами договоры заключены не были. В настоящее время рассматривается ответственность должностных лиц», — сказал заместитель министра внутренних дел. Вице-премьер Алтай Кульгинов отметил особую важность вопроса обеспечения безопасности учащихся.

«Имеются серьезные недостатки и упущения в работе местных исполнительных органов по вопросам технической оснащенности и лицензированной охраны в организациях образования. Необходимо до начала следующего учебного года все это исправить. В случае непринятия мер по обеспечению безопасности в организациях образования будем привлекать к строгой ответственности», — сказал Алтай Кульгинов. По итогам совещания ответственным госорганам поручено до начала учебного года завершить работы по оснащению организаций образования тревожными кнопками, турникетами и системами видеонаблюдения, которые подключены к Центрам оперативного управления органов внутренних дел. Министерству просвещения поручено включить в проект Комплексного плана по защите детей вопросы усиления деятельности психологических служб, их кадрового состава и др. МВД РК совместно с МЧС РК поручено провести мониторинг организаций образования на предмет соблюдения требований безопасности.

Құрметті Егіндікөл ауданының тұрғындары!

Егіндікөл ауданының әкімдігі 2023 жылғы 1-30 наурыз аралығында Егіндікөл ауданының ресми интернет-ресурсында 2022 жылға арналған ауданның атқарушы органдарының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметі туралы есептерді жария талқылау өткізілетінін хабарлайды.

Аудан әкімдігі

Уважаемые жители Егиндыкольского района!

Акимат Егиндыкольского района сообщает, что в период с 1 по 30 марта 2023 года на официальном интернет-ресурсе Егиндыкольского района будет проведено публичное обсуждение отчетов о деятельности в сфере оказания государственных услуг исполнительными органами района за 2022 год.

Акимат района

Мерейлі ұстаз мерейтойы



Білім саласының жілігін шағып, майын ішкен білікті мамандар қашан да ардақты. Өскелең ұрпақтың қанатын қомдап, бұлақты көріп, көзін ашқан ұлағатты ұстаздардың бірі – Аманжолова Бақыт Аманжолқызы 70 жасқа толды. Сәби күнінен мұғалім болуды арман еткен Бақыт Аманжолқызының асқақ арманы орындалып, мектеп бітірісімен, Қарағанды педагогикалық институттың студенті атанады. 1976-жылы осы жоғары оқу орынының алғашқы түлектері болып қолына диплом алады. Физика-математика мамандығы бойынша білім алған ұстаз еңбек жолын бастауға дайын болады. Сол кездерде оқу орынын бітірген студенттер жолдама бойынша жұмысқа орналасатындығы белгілі. Алғашқы жолдаманы Шахтинск елді-мекеніне алған. Алайда, отбасылық жағдай, әкесінің денсаулығына байланысты өтініш жазып, жолдаманы Астрахан ауданы, Толқынкөл орта мектебіне ауыстырады. Сонымен, 1976-жылы 10-тамызда Бақыт Аманжолқызы алғашқы

ұстаздық еңбек жолына қадам басады. 1978-жылдың 18-тамызында қазақтың қасиетті қара шаңырағына келін болып түседі. Отбасы мен жұмысты қатар алып жүре отырып, 5 сәбиді дүниеге әкеледі. «Алғаш ана бақытын 1979-жылы мамыр айында тұңғышым Елдос дүние есігін ашқанда сезіндім. Ана – атану өмірдегі әйел адам үшін ең үлкен сый екендігі сөзсіз. Бұл шынайы бақыт», - деді өз сөзінде бақытты ана Бақыт Аманжолқызы. Бүгінгі таңда 5 сәбиден 11 немере сүйіп отырған ақ жаулықты әже.

21 жыл еңбек еткен мектебінен кейінгі жұмыс орны Егіндікөл ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі болды. Аталмыш мекемеде еңбек етуді 1998-жылы бастаған. 2012-жылы осы ордадан құрметті зейнет демалысына шыққан. Осы айда ұлағатты ұстаз 70 жасқа толды. Аяулы ұстаздың 70 жылдық мерейтойына «Жібек жолы» халықаралық ұйымы Құрмет грамотасымен марапаттап, «Анаға құрмет» деген жобасының тарихи бастамасы «жәннаттың ханшайымы «Фатима Ана» орденімен марапаттады. Ұстаз үшін мерейлі күнде аталмыш мерекемен құттықтау үшін Егіндікөл ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебінің ұжымы ұстаз үшін ұлы күнде білім ордасына шақырып, төрден орын берді. Мектеп басшысы Балтабаева Динара Құттыбайқызы білім саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырған мерейтой иесіне жүреқарды тілегін арнап, игі ниетін білдірді. Мектеп оқушыларымен кездесу ұйымдастырып, өнегелі ұстаз өз өмірлік жолы, еңбек еткен жылдардағы, мектеп қабырғасындағы қызықты естеліктермен бөлісті. Қазақ елінің барыс текті өскелең ұрпаққа «Білім мен тәрбиенің» маңыздылығын түсіндірді. Аналық, ұстаздық ақыл-кеңесімен бөлісті. Мамандық таңдауда қателеспей керектігін де тілге тиек етті. Көпті көрген ұстаздың даналыққа толы сөздері әрбір оқушының жүрегіне жол таба білді деп сенеміз. Саналы ғұмырын болашақ ұрпақты тәрбиелеу жолына арнаған Бақыт Аманжолқызы бүгінде ауылдастары үлкен құрметпен қарап, өнегелі әже, ұлағатты ұстаз деп сыйлайды. Балалары мен ел-қауымның ортасында бақытты ғұмыр кешіп жүрген аяулы ұстазға біз де өз кезегімізде деніне саулық, отбасына амандық тіледік. Сіз жүріп өткен ұлы жолды жастарға нәсіп етсін. Бала-шаға, немере-шөберенің ортасында аяулы ана, ардақты әже болып, жүзіңізден күлкі кетпесін!

Балшық А.

Егіндікөл ауылының №1 ЖОББМ мұғалімі

«Алтын астық» аудандық газетіне 2022 жылға жазылу жалғасуда

Біздің газетке жазылуды кез-келген «Қазпошта» АҚ бөлімшесіндерәсімдеуге болады. Басылымға жазылудың біржылдық бағасы - 3183 теңге, жартыжылға - 1592 теңге. Газеттің шығу мерзімі - аптасына бір рет, дүйсенбі күндері. Газеттің электрондық нұсқасына жазылуды редакцияның бухгалтериясында рәсімдеуге болады. Сіз газеттің шығарылымын PDF форматында өзіңіздің электрондық поштаңыздың мекен-жайына газетті баспаханаға тапсыру кезінде ала-аласыз. Газеттің электрондық нұсқасына жазылымның бағасы -1000 теңге. Газеттің жартыжылдық жазылымын газетиядан алу (Победа көшесі,7) -1300 теңге. Жазылымның бұл нұсқасын Сіз редакцияның

бухгалтериясында рәсімдей аласыз. Егерде сіз біздің газетке жазылып, ол сізге келмесе немесе барлық нөмірлері бірдей келмесе, осы фактуралы «Алтын астық» редакциясына: 2-13-69 телефоны бойынша хабарласуыңызды өтінеміз. Газет мемлекеттік және орыс тілдерінде жарық көреді. Сіз біздің газеттен өзіңізге қызықты әрі пайдалы мәліметтер аласыз, аудан жаңалықтарын білетін боласыз, өзіңіздің және әріптестеріңіздің фотосуреті мен материалдарын көре аласыз! Біздің газет Егіндікөл ауданының тыныс-тіршілігіне немқұрайлы қарамайтын барлық жандар үшін үлкен сүйіспеншілікпен шығарылады.

Сайлау - 2023

Егіндікөл аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссияларының хабарламасы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 104-бабына сәйкес, Егіндікөл аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша округтік сайлау комиссиялары бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша депутатқа кандидаттар етіп тіркеді:

№1 сайлау округі бойынша (Бауманское а.)

1. Исмаилов Нариман Бахтиярұлы, 1986 жылы туған, қазақ, «Бауманское 2030» ЖШС директоры, «Ауыл» ХДПП қоғамдық бірлестігімен ұсынылды, Бауман ауылында тұрады.

2. Қамбатырова Валентина Владимировна, 1978 жылы туған, неміс, «Балбөбек» балабақшасы МКҚК меңгерушісінің міндетін атқарушы, Егіндікөл ауылында тұрады, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды.

№2 сайлау округі бойынша (Спиридоновка а.)

1. Шекенов Ержан Жанатұлы, 1993 жылы туған, қазақ, «KazAgroLuxe» ЖШС директоры, «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігімен ұсынылды, Қоржынкөл ауылында тұрады.

2. Нұрхамитов Нұрзат Нұрмағамбетұлы, 1998 жылы туған, қазақ, №12 агротехникалық колледжінің, өндірістік оқыту шебері, Егіндікөл ауылында тұрады, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды.

3. Тұрсынбаев Нұрсұлтан Қуатұлы, 1993 жылы туған, қазақ, Егіндікөл балалар мен жасөспірімдер спорт мектеп директоры, Егіндікөл ауылында тұрады, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды.

№3 сайлау округі бойынша (Ұзынкөл а.)

1. Ысқақов Руслан Бахтиярұлы, 1979 жылы туған, қазақ, «Ушаково-Агро» ЖШС директоры, «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігімен ұсынылды, Ұзынкөл ауылында тұрады.

2. Костина Татьяна Ивановна, 1959 жылы туған, орыс, «Ушаково-Агро» ЖШС хатшысы, тіркесін, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды, Ұзынкөл ауылында тұрады.

3. Бөкішев Талғат Қабдоллаұлы, 1972 жылы туған, қазақ, Тоғанас орта мектебінің директоры, Тоғанас ауылында тұрады, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды.

№4 сайлау округі бойынша (Полтавское а.)

1. Алпыспаев Ренат Мұхамеджанұлы, 1981 жылы туған, қазақ, «Егіндікөл финан» кредиттік серіктестігі ЖШС басқарма төрағасы, Егіндікөл ауылында тұрады, «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігімен ұсынылды.

2. Әубәкіров Талғат Тілеухорұлы, 1986 жылы туған, қазақ, Егіндікөл мемлекеттік сорт сынау участігінің басшысы, Егіндікөл ауылында тұрады, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды.

3. Шоқыбаев Серік Әмірбайұлы, 1973 жылы туған, қазақ, «Шәріп» шаруа қожалығының басшысы, Егіндікөл ауылында тұрады, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды.

№5 сайлау округі бойынша (Қоржынкөл а.)

1. Ошақбаев Қайыр Тілеуғабұлұлы, 1970 жылы туған, қазақ, «Қоржынкөл Агро» ЖШС директоры, «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігімен ұсынылды, Қоржынкөл ауылында тұрады.

2. Гоголева Наталья Ивановна, 1972 жылы туған, украин, «Қоржынкөл Агро» ЖШС таразшы, Қоржынкөл ауылында тұрады, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды.

3. Долгополов Дмитрий Владимирович, 1984 жылы туған, орыс, «Қоржынкөл Агро» ЖШС механизаторы, Қоржынкөл ауылында тұрады, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды.

№6 сайлау округі бойынша (Егіндікөл а.)

1. Балтабаева Динара Құттыбайқызы, 1976 жылы туған, қазақ, Егіндікөл №1 орта мектебінің директоры, «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігімен ұсынылды, Егіндікөл ауылында тұрады.

2. Балшық Ақмаралды, 1988 жылы туған, қазақ, Егіндікөл №1 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды, Егіндікөл ауылында тұрады.

3. Перекрест Валентина Федоровна, 1964 жылы туған, орыс, «Ассар» шаруа қожалығының басшысы, Егіндікөл ауылында тұрады, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды.

№7 сайлау округі бойынша (Егіндікөл а.)

1. Хамитов Берік Серікұлы, 1993 жылы туған, қазақ, Егіндікөл ауданының халықты жұмыспен қамту орталығының директоры, Егіндікөл ауылында тұрады, «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігімен ұсынылды.

2. Мерғалиева Гүлназ Рамазанқызы, 1997 жылы туған, қазақ, Егіндікөл №1 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Егіндікөл ауылында тұрады, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды.

№8 сайлау округі бойынша (Егіндікөл а.)

1. Топоркова Ольга Анатольевна, 1972 жылы туған, орыс, «AMANAT» партиясының Егіндікөл аудандық филиалының төрайымы, «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігімен ұсынылды, Егіндікөл ауылында тұрады.

2. Қошанова Меруерт Серікқызы, 1991 жылы туған, қазақ, «AMANAT» партиясының Егіндікөл аудандық филиалы, есеп және статистика секторының меңгерушісі, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды, Егіндікөл ауылында тұрады.

№9 сайлау округі бойынша (Егіндікөл а.)

1. Шевцова Лариса Александровна, 1974 жылы туған, орыс, №12 агротехникалық колледж басшысы, «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігімен ұсынылды, Егіндікөл ауылында тұрады.

2. Мартынец Ольга Михайловна, 1985 жылы туған, белорус, №12 агротехникалық колледж аға шебері, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды, Егіндікөл ауылында тұрады.

3. Ибілямова Лаура Жұмағалиқызы, 1988 жылы туған, қазақ, Егіндікөл аудандық мәдениет үйінің мәдени ұйымдастырушысы, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды, Егіндікөл ауылында тұрады.

№10 сайлау округі бойынша (Егіндікөл а.)

1. Шынтеміров Қабыкен Ағыбайұлы, 1962 жылы туған, қазақ, Егіндікөл ауданы әкімдігінің аппараты, аудан әкімінің орынбасары, «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігімен ұсынылды, Егіндікөл ауылында тұрады.

2. Мықтыбек Омар Мұратұлы, 1998 жылы туған, қазақ, Егіндікөл №1 орта мектебінің математика мұғалімі, Егіндікөл ауылында тұрады, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды.

Сообщение окружных избирательных комиссий по одномандатным территориальным избирательным округам по выборам депутатов Егіндықольского районного маслихата

В соответствии со статьей 104 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» окружные избирательные комиссии по одномандатным территориальным избирательным округам по выборам депутатов Егіндықольского районного маслихата зарегистрировали кандидатами в депутаты:

По избирательному округу №1 (с.Бауманское)

1. Исмаилова Наримана Бахтиярвичи, 1986 года рождения, казах, директора ТОО «Бауманское 2030», выдвинут общественным объединением НДПП «Ауыл», проживает в селе Бауманское.

2. Комбатурову Валентину Владимировну, 1978 года рождения, немку, исполняющая обязанности заведующей ГККП «Ясли-сад «Балбөбек», проживает в селе Егіндықоль, выдвинута путем самовыдвижения.

По избирательному округу №2 (с.Спиридоновка)

1. Шекенова Ержана Жанатовичи, 1993 года рождения, казах, директор ТОО «KazAgroLuxe», выдвинут общественным объединением партия «AMANAT», проживает в селе Коржынкөл.

2. Нурхамитова Нурзата Нурмаганбетовичи, 1998 года рождения, казах, мастер производственного обучения «Агротехнический колледж № 12», проживает в селе Егіндықоль, выдвинут путем самовыдвижения.

3. Турсынбаева Нурсултана Куатовичи, 1993 года рождения, казах, директор Егіндықольской детско-юношеской спортивной школы, проживает в селе Егіндықоль, выдвинут путем самовыдвижения.

По избирательному округу №3 (с.Узынкөл)

1. Исакаева Руслана Бахтиярвичи, 1979 года рождения, казах, финансовый директор ТОО «Ушаково-Агро», выдвинут общественным объединением партия «AMANAT», проживает в селе Узынкөл.

2. Костину Татьяну Ивановну, 1959 года рождения, русскую, секретарь ТОО «Ушаково-Агро», выдвинута путем самовыдвижения, проживает в селе Узынкөл.

3. Бокишева Талгата Кабдоллаевичи, 1972 года рождения, казах, директор средней школы села Тоғанас, проживает в селе Тоғанас, выдвинут путем самовыдвижения.

По избирательному округу №4 (с.Полтавское)

1. Алпыспаева Рената Мухамеджановичи, 1981 года рождения, казах, председатель правления ТОО Кредитное товарищество «Егіндықоль финан», проживает в селе Егіндықоль, выдвинут общественным объединением партия «AMANAT».

2. Аубакирова Талгата Тлеухоровичи, 1986 года рождения, казах, руководитель «Егіндықольский государственный сортоиспытательный участок», проживает в селе Егіндықоль, выдвинут путем самовыдвижения.

3. Шоқыбаева Серика Омирбаевичи, 1973 года рождения, казах, глава крестьянского хозяйства «Шарип», проживает в селе Егіндықоль, выдвинут путем самовыдвижения.

По избирательному округу №5 (с.Коржынкөл)

1. Ошақбаева Кайыра Тлеуғабұлұлы, 1970 года рождения, казах, директор ТОО «Коржынкөл-Агро», выдвинут общественным объединением партия «AMANAT», проживает в селе Коржынкөл.

2. Гоголеву Наталью Ивановну, 1972 года рождения, украинка, весовщик ТОО «Коржынкөл-Агро», проживает в селе Коржынкөл, выдвинута путем самовыдвижения.

3. Долгополова Дмитрия Владимировичи, 1984 года рождения, русский, механизатор ТОО «Коржынкөл-Агро», проживает в селе Коржынкөл, выдвинут путем самовыдвижения.

По избирательному округу №6 (с.Егіндықоль)

1. Балтабаеву Динару Куттыбаевну, 1976 года рождения, казашку, директор Егіндықольской средней школы №1, выдвинута общественным объединением партия «AMANAT», проживает в селе Егіндықоль.

2. Балшық Ақмарал, 1988 года рождения, казашку, учитель казахского языка и литературы Егіндықольской средней школы №1, выдвинута путем самовыдвижения, проживает в селе Егіндықоль.

3. Перекрест Валентину Федоровну, 1964 года рождения, русскую, глава крестьянского хозяйства «Ассар», проживает в селе Егіндықоль, выдвинута путем самовыдвижения.

По избирательному округу №7 (с.Егіндықоль)

1. Хамитова Берика Сериковичи, 1993 года рождения, казах, директор Центра занятости населения Егіндықольского района, проживает в селе Егіндықоль, выдвинут общественным объединением партия «AMANAT».

2. Мерғалиеву Гульназ Рамазановну, 1997 года рождения, казашку, учитель начальных классов Егіндықольской средней школы №1, проживает в селе Егіндықоль, выдвинута путем самовыдвижения.

По избирательному округу №8 (с.Егіндықоль)

1. Топоркову Ольгу Анатольевну, 1972 года рождения, русскую, председатель Егіндықольского районного филиала партии «AMANAT», выдвинута общественным объединением партия «AMANAT», проживает в селе Егіндықоль.

2. Қошанову Меруерт Сериковну, 1991 года рождения, казашку, заведующая сектором учета и статистики Егіндықольского районного филиала партии «AMANAT», выдвинута путем самовыдвижения, проживает в селе Егіндықоль.

По избирательному округу №9 (с.Егіндықоль)

1. Шевцову Ларису Александровну, 1974 года рождения, русскую, руководитель Агротехнического колледжа №12, выдвинута общественным объединением партия «AMANAT», проживает в селе Егіндықоль.

2. Мартынец Ольгу Михайловну, 1985 года рождения, белоруску, старший мастер Агротехнического колледжа №12, выдвинута путем самовыдвижения, проживает в селе Егіндықоль.

3. Ибілямову Лауру Жұмағалиевну, 1988 года рождения, казашку, культурный организатор Егіндықольского районного дома культуры, выдвинута путем самовыдвижения, проживает в селе Егіндықоль.

По избирательному округу №10 (с.Егіндықоль)

1. Шынтемірова Кабыкена Ағибаевичи, 1962 года рождения, казах, заместитель акима района, Аппарата акима Егіндықольского района, выдвинут общественным объединением партия «AMANAT», проживает в селе Егіндықоль.

2. Мықтыбек Омара Мұратұлы, 1998 года рождения, казах, учитель математики Егіндықольской средней школы №1, проживает в селе Егіндықоль, выдвинут путем самовыдвижения.

Оплачено из средств территориальной избирательной комиссии Егіндықольского района

Сайлау - 2023

Мәжіліс пен мәслихат сайлауы: Үгіт-насихат кезеңі басталды

АСТАНА. ҚазАқпарат – ҚР Парламенті Мәжілісі және барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлауына түсетін кандидаттар мен партиялар үшін үгіт-насихат кезеңі басталды, - деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі. Орталық сайлау комиссиясы хабарлағандай, сайлау алдындағы үгіт-насихат 18 ақпанда сағат 18:00-де басталды. Аталған науқан 18 наурыз сағат 00:00-ге дейін жалғасады.

18 наурыз – тыныштық күні, ал 19 наурыз – сайлау өтеді.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 112-бабының 5-бөлігіне сәйкес сайлауға қатысатын кандидаттардың, саяси партиялардың үгіт материалдарын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жариялау немесе эфир алаңын берудің шарттары бар. Тәртіп бойынша сайлау алдындағы үгіт жүргізу басталардан бес күн бұрын хабарламаған және жарияламаған, сондай-ақ сайлау комиссиясына төлем мөлшері туралы мәліметтерді ұсынбаған жағдайда лауазымды тұлғаға 30, ал заңды тұлғаларға 50 айлық

есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады», - деп ескертеді Орталық сайлау комиссиясы. Бұған дейін Мәжіліс және мәслихат депутаттығына кандидаттарға ҚазАқпарат сайтынан интернет-алаң беру шарттары туралы хабарлаған едік.

Айта кетсек, үгіт материалдарын ұсынған кандидаттар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына, оның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы талаптарға сәйкестігі үшін дербес жауапты болады.

Еске салайық, Мемлекет басшысы 19 қаңтарда Жетінші сайланған ҚР Парламентінің Мәжілісін тарату және ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды. Мәжіліс депутаттарын кезектен тыс сайлау 2023 жылғы 19 наурызға белгіленді.

Мәжіліс және мәслихат депутаттығына кандидаттарды ұсыну 8 ақпанға дейін жалғасты.

Ал кандидаттарды тіркеу 20 қаңтарда басталып, бүгін аяқталды.

В Казахстане началась предвыборная агитация кандидатов в депутаты Мажилиса и маслихатов



АСТАНА. КАЗИНФОРМ – 18 февраля в 18:00 стартовала предвыборная агитация кандидатов в депутаты Мажилиса Парламента РК и маслихатов всех уровней, передает корреспондент МИА «Казинформ». Предвыборная агитация продлится до 00:00 18 марта. 18 марта – день тишины, а 19 марта – день выборов. Ранее в Центральной избирательной комиссии РК предупредили, как должна осуществляться предвыборная агитация кандидатов в депутаты

Мажилиса в социальных сетях.

«Интернет-ресурсы попадают под понятие «средства массовой информации». На них распространяются такие же требования, что и на традиционные СМИ. В отношении онлайн-платформ, социальных сетей есть некоторые новшества в законодательстве. У пользователей онлайн-платформ теперь есть возможность размещать агитационные материалы на договорной основе, то есть за деньги кандидатов либо политических партий. Фактически они приравнены в своих правах к средствам массовой информации», - сообщила член ЦИК РК Анастасия Щегорцова в ходе пресс-конференции по итогам заседания. 19 января Президент РК подписал Указ о роспуске Мажилиса Парламента РК седьмого созыва и назначении внеочередных выборов депутатов Мажилиса Парламента РК на 19 марта 2023 года. Выдвижение кандидатов в депутаты Мажилиса и маслихатов началось со дня опубликования Указа о назначении выборов. Выдвижение кандидатов в депутаты Мажилиса и маслихатов завершилось 8 февраля.

Регистрация кандидатов началась 20 января и завершилась 18 февраля.

Итоги регистрации кандидатов в депутаты Мажилиса по одномандатным округам подвели в ЦИК РК

АСТАНА. КАЗИНФОРМ – В Центральной избирательной комиссии подвели итоги регистрации кандидатов в депутаты Мажилиса Парламента и маслихатов по одномандатным территориальным округам, передает корреспондент МИА «Казинформ». «Мажилис Парламента состоит из 98 депутатов, 29 из которых избираются по одномандатным территориальным округам. На основе данных, которые мы получили из регионов, нами подведен итог выдвижения. Всего было выдвинуто 609 кандидатов по 29 одномандатным округам, из них 84 кандидата выдвинулись общественными объединениями и политическими партиями, 525 или 86, 2% - самовыдвиженцы», - сказал на заседании заместитель председателя ЦИК РК Константин Петров. Что касается маслихатов, насчитывается 223 маслихата, в которых 3415 мандатов, из которых 3081 избирается по мажоритарной системе.

«Это половина состава областных, городов республиканского значения и столицы, а также депутаты маслихатов городов и районов. По данным ТИК, на 3081 депутатское место выдвинулось 10288 кандидатов, более 3 кандидатов на одно место. По одномандатным избирательным округам областного уровня зарегистрирован 1451 кандидат, на уровне города – 2114 и на уровне районов – 6732 кандидата. В разрезе общестатистических показателей 61, 8% - выдвинуто самовыдвижением, 38,2% - политическими партиями и иными общественными объединениями», - добавил Константин Петров.

В субботу в ЦИК РК подвели итоги регистрации кандидатов в депутаты Мажилиса по партийным спискам. Путем жеребьевки был определен порядок расположения названий партий в избирательных



бюллетенях.

«Таким образом, в Мажилис Парламента по партийным спискам 7 политических партий зарегистрировали 281 кандидат, по одномандатным территориальным округам в Мажилис зарегистрировано 435 кандидатов. В среднем на один мандат – 15 человек. В депутаты Маслихатов по 118 партийным спискам политических партий зарегистрировано 1447 кандидатов, по одномандатным территориальным округам – 10288 кандидатов», - заключил председатель ЦИК РК Нурлан Абдиров

Досрочные выборы в Мажилис Парламента и маслихаты в Казахстане пройдут 19 марта.

https://www.inform.kz/ru/itogi-registracii-kandidatov-v-deputaty-mazhilisa-po-odnomandatnym-okrugam-podveli-v-cik-rk_a4037494

Мәжілістегі бір орынға орта есеппен 15 кандидат таласады



АСТАНА. ҚазАқпарат – Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттығына кандидаттарды тіркеу қорытындыларын жариялады, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттығына кандидаттарды тіркеу қорытындыларын шығардық. Атап айтқанда, Парламент Мәжілісіне 7 саяси партияның партиялық тізімдері бойынша 281 кандидат, ал бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша 435 кандидат тіркелді. Орта есеппен қарасақ, бір мандатқа 15 адам күреседі», - деді ол. Ал, мәслихаттардағы бір орынға орта есеппен 3 кандидаттан келеді.

«Мәслихаттардың депутаттығына саяси партиялардың 118 партиялық тізімі бойынша 1 447 кандидат, мәслихаттардың депутаттығына бір мандатты сайлау округтері бойынша 10 288 кандидат тіркелді. Олар 3 081 мандат үшін күреседі. Сонда бір мандатқа орта есеппен 3,34 үміткер деп айтуға болады», - деді Нұрлан Әбдіров.

Еске салсақ, кеше Мәжіліс пен мәслихат сайлауының үгіт-насихат кезеңі басталды.

Сондай-ақ, Орталық сайлау комиссиясы партиялардың атаулары сайлау бюлетенінде қандай тәртіппен орналасатынын жеребе арқылы анықтаған болатын. Жеребе қорытындысына сай, 19 наурызға тағайындалған партиялық тізімдер бойынша Парламент Мәжілісі мен мәслихаттарға кезектен тыс сайлауда дауыс беруді өткізу кезеңінде саяси партиялардың атаулары сайлау бюлетенінде келесі тәртіппен орналасады: Amanat партиясы – бірінші, «Ауыл» халықтық-демократиялық партиясы – екінші, «Respublica» партиясы – үшінші, Қазақстан халық партиясы – төртінші, «Байтақ» жасылдар партиясы – бесінші, «Ақ жол» партиясы – алтыншы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы – жетінші орында. https://www.inform.kz/kz/mazhilistegi-bir-orynga-orta-eseppen-15-kandidat-talasadyy_a4037503

Депутаттыққа үміткерлер неге арнайы шотты бір ғана банктен ашып жатыр




АСТАНА. ҚазАқпарат – Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Сәбила Мұстафина кандидаттардың бәрі неге арнайы шотты бір ғана банктен ашып жатқанын түсіндірді, - деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Бұл – базбіреудің шешімі емес. Бұл – Орталық сайлау комиссиясының қаулымен рәсімдеген шешімі. Ол шешім қабылданған кезде «Халық банк» бүкіл ел аумағында филиалдар желісі бар банк болатын және кез - келген науқанның сайлаушылары мен сайлау процесіне қатысушыларының көбіне қолжетімді болды», - деді Сәбила Мұстафина. Еске салсақ, кеше Мәжіліс пен мәслихат сайлауының үгіт-насихат кезеңі басталды.

Сондай-ақ, Орталық сайлау комиссиясы партиялардың атаулары сайлау бюлетенінде қандай тәртіппен орналасатынын жеребе арқылы анықтаған болатын. https://www.inform.kz/kz/deputattykka-umitkerler-nege-arnayy-shotty-bir-gana-bankten-ashyp-zhatyr_a4037509

Жарлыкөл ауылының сәт-сапары

Желтоқсанның 30-ында Егіндікөл ауданы Буревестник ауылының жергілікті қоғамдық мүшелерінің жиналысы өтті. Жиналыста Буревестник ауылына тарихи Жарлыкөл ауылын қайтару туралы шешім қабылданды. Жарлыкөл мағынасы жағасында жары биік өзен, батыс жағы жарлы болып келеді. Қазірдің өзінде алты жүз га. аумағы бар. Еліміздің ірі өзендерінің қатарына жатады. Ашаршылық кезінде өзендегі балықтардың арқасында көп адамдар аман қалған. Ол туралы ашаршылықты бастан өткерген ата-бабаларымыздың ауылдағы




305. Стоянка Буревестник II. План-схема

ұрпақтары айтып отырады. Қорғалжын өңірі 1979 жылы зерттеу картасына енген, ал біздің Жарлыкөл ауылымыз бірінші рет картаға 1914 жылы түсіпті. Онда атауы «Джарлыкөл» деп жазылған. Сонымен қатар, мектебі, мешіті бар үлкен ауыл болып көрсетілген. 1991-92 жылдары Целиноград археологиялық экспедициясы (Волошин В.С.) жүргізген қазба жұмыстарының қорытындысы бойынша Буревестник I, II, III деп атап кеткен мезеолит, неолит дәуірінде болған тұрақты орны табылды. Қазба кезінде табылған жәдігерлер осы аймақта тұрақты мәдениет болғанын байқатады. Қазба жұмысы бойынша мынадай қорытынды берген: «Стоянка характеризует материальную культуру и степень расселения племён Северного Казахстана в каменном веке.» Бұл киелі жерді зерттеу жұмыстары әлі жалғасын тауып, сақтау және қайта қалпына келтіру жұмыстары болады деп сенемін. Сонымен қатар үкіметтің қарауында болуы тиісті.

Ата-бабаларымыздың әлі зерттелмеген кесене құландысы бар. «Тыңға шабуыл» деген ұран көтерілген тұста ескі зираттарды да тегістеп жырып жібере жаздаған. Сол кезде біздің ауылдың қарттары жанталаса жүріп қорымдарын орап, сыммен қоршап аман алып қалған. Ата заманның қазақ зиратын қадір тұтып, жаудан қорғаған. Ғимараттар тұрғызбаған бабаларымыздың кең далада қалай көксе де айналып оралар қазығы, табынар тірегі болған ғой. Сол тірегі бізге аманат. Отаным, елім, жерім деп қазір өзіміз де

қайда жүрсек те айналып келіп жүрміз. 1954 жылы «Буревестник» шаруашылығы құрылған. Ол бұрынғы Жарлыкөл ауылынан бір-екі километр алыста, өзеннің бойында оналасқан. Неге сол кезде өз атауын қалдырмасқа болмады?! Ең алғашқы тыңға келгендер қазақ ауылдарына ат басын тіреген еді. Сондай ауылдың бірі – Қоскөл ауылы болатын. Ауылдастарымыз келгендерді үйлерінің төріне жайғастырып, тамақтарымен бөлісіп, кейбірі сонда орыс халқын өмірлерінде бірінші рет көргендерін айтып отырады. Қазақ халқы қонақжай, достыққа бейім тұрады ғой. Осы тұста айта кететін бір сөзім бар. Жанымызда жүрген ауылдастар (бауырлас өзге ұлт өкілдері), әрқайсысының қазақ достары бола тұра, кезінде ел-жұрттың рұқсатынсыз өзгертіліп жіберілген ел-жер атауларын қалпына келтіру жайлы біздің өтінішімізге дау айтуда. Әрбір жер аты бізге тарих екенін түсінгілері келмейді. Бұл нені білдіреді? Тың жердегі ол кезде болған елді-мекендердің біреуі де совхоз орталығы бола алмаған. Ол – ол ма?! Көпшілік ауылдар бөлімше болуға да ілікпей, «болашағы жоқ» деген бұйрыққа ұшырап, жойылып кетті. «Әкімжанның аққудығы» деген мекен Абай совхозы боп аталды, біздің аудандағы жалғыз қазақша атпен аталған совхоз. Оның өзін қазіргі ауылдың атын сақтап қалу деген үкіметтің бағдарламасына қарамастан құртуға дайындап жатыр. Иә, ел болып Абай облысын ашып жатқанда, елі болмағасын Абай ауылын жабу деген өте өкінішті. «Құдайқұлдың Шұңқыркөлі» – Армавир,



306. Стоянка Буревестник III А. План-схема

«Алакөл» – Полтавский боп аталып кете берді ғой... Құрметті ауылдастар! Көз көрген аталарымыз айтып жүруші еді, көл маңында ауылымыз болған, аты өшті-ау деп. Сол аталарымыздың тілеулері, армандары орныдалды. Жерімізге өз атауын қайтарып алғанымыз құтты болсын! Енді қолда қалғанды сақтап, болашақта ұрпақтарымыз ауылды қайта жаңғыртып, жерімізді, көлдерімізді, тілімізді қадірлеп, өсіп-өне берсін! Ақ жол, Жарлыкөл! Болашағың жемісті болсын!

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізуге өтініштерді қабылдау туралы хабарландыру

Ұйымдастырушы: «Ақмола облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Орналасқан жері: Көкшетау қаласы, Абай көш. 96, пошталық мекенжайы: 02000, Көкшетау қаласы, Абай көш. 96; электрондық пошта мекенжайы: depprom@aqmola.gov.kz; байланыс телефоны: 8 (7162) 24-00-15, 24-00-13, 24-00-14;

Қатысу үшін өтінім берілетін жер: Ақмола облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасының 404 каб. Құжаттаманы ұсыну тәртібі: қатысу үшін үміткерлер электрондық пошта арқылы, көрсетілген мекенжайға өзі, пошта арқылы немесе өзінің өкілетті өкілі арқылы бекітілген нысан бойынша өтінім мен толық құжаттама топтамасын береді.

Құжаттаманы ұсыну мерзімі: 2023 ж. «1» наурыздан бастап 2023 ж. «15» наурыз аралығында, жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.30-ге дейін (жергілікті уақытпен). Өтінімдерді беру басталатын күні мен уақыты: 2023 ж. «1» наурыз сағат 09.00 (жергілікті уақытпен). Өтінімдерді беру аяқталатын күні мен уақыты: 2023 ж. «15» наурыз сағат 18.30 (жергілікті уақытпен). Көрсетілген мерзім өткеннен кейін түскен өтінімдер қабылданбайды. Осы хабарландырумен және құжаттамамен <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upp/documents/details/adilet/P2100000773?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Объявление о приеме заявлений на включение в реестр субъектов социального предпринимательства

Организатор: Государственное учреждение «Управление предпринимательства и туризма Акмолинской области».

Местонахождение: г. Кокшетау, ул. Абая 96, местные исполнительные органы районов, городов Кокшетау и Степногорск Акмолинской области в сфере предпринимательства (отделы предпринимательства); почтовый адрес: 020000, г. Кокшетау, ул. Абая 96; адрес электронной почты: depprom@aqmola.gov.kz; контактный телефон: 8 (7162) 24-00-15, 24-00-13, 24-00-14;

Место подачи заявок для участия: Управление предпринимательства и туризма Акмолинской области, каб. 404

Порядок предоставления документации: для участия претенденты представляют посредством электронной почты, по указанному адресу лично, по почте или через своего полномочного представителя заявку по утвержденной форме и полный пакет документации. Сроки предоставления документации: с «1» марта 2023 г. по «15» марта 2023 г. в рабочие дни с 09 часов до 18.30 часов (время местное). Дата и время начала подачи заявок: «1» марта 2023 г. с 09 часов (время местное). Дата и время окончания подачи заявок: «15» марта 2023 г. до 18.30 часов (время местное). Заявки, поступившие по истечении указанного срока, приему не подлежат. С настоящим объявлением и документацией можно ознакомиться на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upp/documents/details/adilet/P2100000773?lang=ru>

ОЧС предупреждает

В каждом доме в наше время сейчас есть газ, но это не тот газ который поступал в дома по газопроводам, централизованно, в каждую квартиру. Тогда никто не мог и предположить, что со временем придется в каждый дом, квартиру заносить «бомбу», мало того еще и самим ее устанавливать, как бы включая механизм отсчета времени. Конечно, без газа в доме не может обойтись не одна хозяйка, но чтобы использовать эту взрывоопасную смесь без вреда для себя с пользой и без причинения вреда для окружающих, некоторые из нас забывают об элементарных вещах, о правилах пожарной безопасности. Поэтому вспомним все вместе основные причины утечки газа:

- дефекты соединительного шланга с редуктором и газовым прибором;
 - неплотность резьбовых соединений;
 - неплотности в сальниковых уплотнениях штоковых кранов;
 - выход газа из-за попадания на нее жидкости или при задувании ветром;
 - неправильный розжиг горелки.
- Случай самовольной установки газовых баллонов – одна из причин трагедий. Взрывоопасная смесь из газа и воздуха способна разрушить большой дом Категорически запрещается использовать газовую плиту для обогрева! Повышение концентрации углекислого газа в непроветриваемом помещении



приводит к неполному сгоранию и выделению угарного газа, который оказывает отравляющее воздействие на организм человека. Содержите газовую плиту в чистоте.

Внимание!

- Регулярно проверяйте состояние уплотнительного кольца. Исправное кольцо не должно иметь трещин, подрезов, неровностей.
- Доверяйте установку и наладку газовых приборов только специалистам, имеющим соответствующий документ.
- По окончании пользования газом закройте краны на газовых приборах и перед ними, а при размещении баллонов внутри кухонь – вентиль.

При нормальном горении пламя должно быть спокойным, голубовато-зеленоватого цвета.

- Приобретайте газовые баллоны только в специализированных организациях и требуйте от работников данных организации замены уплотнительного кольца при необходимости.

- Если Вы не знаете как правильно устанавливать редуктор на баллон то попросите сделать это специалиста.

- При заправки баллонов на передвижных и стационарных станциях не допускайте переполнение баллонов сверх установленных норм, так как это может привести к разрыву конструкции баллона при изменении температуры окружающей среды.

ЕСЛИ вы почувствовали сильный запах газа :

- 1.Перекройте кран.
 - 2.Проветрите помещение (устройте сквозняк).
 - 3.Не зажигайте огня, не включайте и не выключайте никаких электроприборов !
- ЗНАЙТЕ ПРАВИЛА САМИ И НАУЧИТЕ ВАШИХ ДЕТЕЙ!
В случае угрозы жизни и здоровью незамедлительно обращайтесь по телефонам «101» и «112».

Е. Файзулин
главный специалист ОЧС
Егиндыкольского района

Білімді ұрпақ – ұлт болашағы



«Сапалы білім мен тәрбие беру – Қазақстанның мемлекеттік саясатының басымдылығы», - деп ұрандаған Егіндікөл ауылының ұстаздар қауымымен 13-ақпан күні облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Дүйсенова Ботагөз Балапаевнаның қатысуымен өткен оқу жылының қорытындысын жариялап, алдағы атқарылатын міндеттер сараланды. Мемлекетіміздің негізгі іргетасы – мектеп десек, оның беріктігі мен қуаттылығының кепілі білім беру үрдісіне үнемі баса назар аударылып, осы саладағы әлеуметтік сұранысты қалыптастыруға айрықша мән беріледі. Ауданның барлық білім беру ордаларының ұстаздары мен аудандық білім бөлімі қызметкері, аудандық әдістемелік орталық әдіскерлері қатысқан бұл алқа отырысының маңызы зор екендігі анық. Алғашқы сөз кезегін алған аудандық білім бөлімінің басшысы Арай Оралтаевна өткен жылда атқарған жұмыстар мен биылғы жылдың жоспарымен таныстырды. Жалпы, аудан бойынша білім саласына қатысты толықтай ақпарат берді. Екінші сөз кезегін алған аудандық әдістемелік орталық әдіскері Ардақ Аманжолқызы өткен жылы әдістемелік орталықтың атқарған жұмыстарының есебін берді. Сөз кезегін алған Егіндікөл ауылының №2 жалпы орта

білім беретін мектебінің директоры Светлана Ивановна мектепте өткен жөндеу жұмыстарының нәтижесі мен қорытындысын айтып, есеп берді. Осы баяндамалардан кейін сөз алған Ботагөз Балапаевна тіл мәселесін қозғады. Тәуелсіздігіміздің тамыры тереңдеген кезеңде жеткіншек өрендер санасына ана тілі арқылы төл тарихы мен мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салт-санасын сіңіру, сол арқылы олардың дүниетанымын қалыптастырып, жеке тұлғалық қабілеттері мен қасиеттеріне, дарынына даңғыл жол ашу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі, - екендігін тілге тиек етті. Шығыс ойшылы Әбу Насыр әл Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» - деген екен. Сондықтан бүгінгі білім саласы қызметкерлерінің алдына қойылатын талап – қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу екендігі айдан анық. Қорытындылай келе аудан бойынша барлық жұмыстар жоспарлы өтіп жатқандығын және алда талай жұмыстар күтіп тұрғандығы айтылды.

Балшы А.

Мәдениет

Көрерменге көңіл күй сыйлаған өнер ұжымы



Өнер десе ішкен асын жерге қоятын елдің ұрпағы емеспіз бе. Сан ғасырлар бойы ұлттық өнерімізді ұрпақтан-ұрпаққа мұра қылып жалғастырып, сап алтындай сарқылмас асыл құндылықтарымыз өн-күй өнерін болашақ ұрпаққа дәстүрі мен болмысын бұзбай қалдыру әрбір өнер адамының азаматтық парызы ғой. Қазақ даласында небір жыршы жыраулар мен күйшілер, әнші сал-серілер дәурен сүріп, таңғажайып өнер туындыларын бізге, яғни болашақ ұрпаққа аманат еткенін бәріміз білеміз. Қазір де ұрпақ сабақтастығын жалғастырған елімізде көптеген мұрагер өнерпаздар мен өнер ұжымдары осы төл өнеріміздің қайта жаңғырып, өсіп, өніп түрленуіне өз үлестерін қосып келеді.

